

«БАЛ САПАР» ЖШС балабақшасының

«Балдырған» аралас тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 23.09.2025ж

Хаттама №1

Қатысқан: 16

Қатыспағандар: 9

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Топтағы ата-аналар тәрбиешімен танысу.

Топ туралы мәлімет

Балабақша ақысын уақтысымен төлеу.

Күнделікті балабақшаға кешікпей келу.

Ата-ана комитетін сайлау.

Балалардың балабақшаға бейімделуі

Күн тәртібімен таныстыру

Өртүрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар тәрбиешімен жақынырақ танысты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі: Еленгаипова Гулсара Абырайқановна топтағы мәлімет берілді.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі ата-аналарға балабақша төлемақысын уақтылы төлеуін айтты. Балаларды жаңа оқу жылына оқу құралдарын толығымен алып келуді айтты. Әр балада өзінің папкасы болу керектігін айтты.

Төртінші мәселе ата-аналар балаларын балабақшаға таза киіндіріп жіберу керек екенін және таңертең балаларды сағат 08:00ден-09:00 ге дейін қалдырмай тәрбиешілерге тапсырулары керек екені айтылды.

Бесінші мәселе ата-ана комитетін топ арасында сайлауды ұсыныс тастады.

Тәрбиеші балалардың балабақшаға бейімделуі туралы баяндама жасады. Балалардың алғашқы кезеңдегі мінез-құлқы, жаңа ортаға үйренуі туралы ақпарат берілді.

Сөйледі: Ата-аналар өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойды.

Шешім:

Балалардың балабақшаға бейімделуіне ата-аналар қолдау көрсету.

Балабақша тәртібін сақтау.

Тәрбиешімен тығыз байланыста болу.

Ата-ана комитеті: Қайрат Ақжан

Көмекшісі: Айдана Ерболқызы

Меңгеруші _____ Сатыбалдиева Н.З

Тәрбиеші: _____ Еленгаипова Г.А

Тақырыбы: Балабақшаға бейімделу – алғашқы қадамдар (3 жас)

Құрметті ата-аналар!

3 жас – бала өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл жаста балалар алғаш рет ата-анасынан ұзақ уақытқа бөлініп, жаңа ортаға – балабақшаға келеді. Сондықтан бейімделу кезеңі әр балада әртүрлі өтеді.

Баланың балабақшаға үйренуі үшін ата-ананың қолдауы өте маңызды. Алғашқы күндері бала жылауы, ата-анасын сағынуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Біраз уақыттан кейін бала тәрбиешіге, достарына үйреніп, жаңа ортаға бейімделеді.

Балабақшада балалардың күн тәртібі сақталады. Олар ойын ойнайды, сурет салады, ән айтып, би билейді, серуенге шығады. Мұның бәрі баланың дамуына көмектеседі.

Ата-аналардан өтініш:

Баланы балабақшаға уақытында әкелу;

Баланың денсаулығына көңіл бөлу;

Балабақша тәртібін сақтау.

Бала тәрбиесі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегі. Бірге жұмыс жасасақ, балаларымыздың болашағы жарқын болады.

Назарларыңызға рахмет!

4 жас – баланың танымдық қабілеті қарқынды дамидын кезең. Бұл жаста балалар қоршаған ортаны танып, сұрақтар қоя бастайды. Сондықтан баланың қызығушылығын қолдау өте маңызды.

Балабақшада балалардың тілін дамыту, ойлау қабілетін арттыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу жұмыстары жүргізіледі.

Балалар әртүрлі оқу іс-әрекеттеріне қатысады:

- сурет салу
- мүсіндеу
- музыка
- қимылды ойындар

Ата-аналар баланың дамуына үйде де қолдау көрсетіп, онымен сөйлесіп, бірге кітап оқыса жақсы нәтиже болады.

Бала тәрбиесінде бірлік пен түсіністік маңызды.

Рахмет!

Баяндама

Тақырыбы: Балабақшаға бейімделу – алғашқы қадамдар